

**"18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау" мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы" аудан әкімдігінің 2012 жылғы 5 қыркүйектегі N 325 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 7 желтоқсандағы N 432 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 10 қаңтарда N 2048 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2013 жылғы 23 мамырдағы N 194 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 23.05.2013 N 194 қаулысымен**

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабына, «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 тамыздағы № 1059 қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. «18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау» мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы» Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2012 жылғы 5 қыркүйектегі № 325 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерінің 2012 жылғы 18 қыркүйектегі № 1877 мемлекеттік тізілімінде тіркелді, 2012 жылғы 1 желтоқсандағы № 49 «Есіл Өңірі» аудандық газетінде, 2012 жылғы 1 желтоқсанда № 49 «Новости Приишимья» аудандық газетінде жарияланды) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау» мемлекеттік қызмет регламентінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*М. Тасмағанбетов*

